

«Кош келдін Жана жыл» .

Жана жылдык мерекелік шырша .

Жана жыл, ен алдымен, балалар мен бүлдіршіндерге қуаныш сыйлайтын мереке. Осы орайда, қаламыздағы қору қабілеті бүзылған балаларға арналған «Үміт» мектеп интернатының 1-5 сынып оқушыларынан құралған ерекше балаларға арналған жана жылдык мерекелік кешіміз болып өтті .

Іс-шараға қаламыздағы ерекше балалар ата-аналарымен бірге қатысты . Салтанатты шарада Шымкент қалалық арнайы кітапхана мен Казак загіптар қоғамы демеушілік жасап, балаларды мерекемен құттықтап, Жана жылдык сыйлықтарын табыстады .

Кеш барысында балақайлар ертегі кейіпкерлерінің ерекше қойылымын тамашалады . Сондай-ақ, олар Аяз ата мен Акшақарды қарсы алды . Арнайы дайындалған концерттік бағдарлама барысында түрлі жана жылдык кейіпкерлер өнер қорсетіп, кештің сәнін келтірді .

Балалардың өнеріне тәнті болған Аяз ата мен Акшақар оларға тәттілер ұсынды.



